

«Бекітілген»
«Нұр»балалар бақшасы»
МКҚК-ы меңгерушісі:
Едилбаева А.А

**«Нұр» балалар-бақшасы» жанындағы
ата-аналарға арналған мобильді консультациялық пункт
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Нұр» балабақшасы» жанынан ұйымдастырылатын ата-аналарға арналған мобильді консультациялық пункттің (бұдан әрі – МКП) қызметін ұйымдастыру тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен жұмыс мазмұнын айқындайды.

1.2. МКП өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы мемлекеттік саясатты, сондай-ақ әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады.

1.3. МКП қызметі мектеп жасына дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған **2–5 жас аралығындағы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне)** арналған.

1.4. МКП қызметі тегін негізде жүзеге асырылады.

1.5. МКП балабақша басшысының бұйрығымен құрылады және оның қызметі балабақша әкімшілігі тарапынан реттеледі.

2. МКП-тің мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету.

2.2. Міндеттері:

баланың дамуына қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасауға ата-аналарды бағыттау;

ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;

балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып кеңес беру;

үй жағдайында баланы дамытуға арналған әдістемелік материалдар ұсыну; отбасындағы тәрбиелік әлеуетті нығайту;

өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға қолдау көрсету.

3. МКП қызметінің негізгі қағидалары

МКП қызметі төмендегі қағидаларға негізделеді:

күпиялылық қағидасы – бала мен отбасы туралы мәліметтер ата-ананың келісімінсіз жария етілмейді;

қолжетімділік қағидасы – барлық ақпарат ата-аналарға түсінікті әрі ыңғайлы форматта ұсынылады;

кешенділік қағидасы – консультациялық көмек бірнеше маманның бірлескен қызметі арқылы жүзеге асырылады;

еріктілік қағидасы – ата-аналардың МКП қызметіне қатысуы ерікті түрде жүзеге асады;

әріптестік қағидасы – ата-ана мен педагог тең құқылы серіктес ретінде қарастырылады.

4. МКП қызметін ұйымдастыру тәртібі

4.1. МКП қызметі, негізінен, жазғы кезеңде балабақша аумағында немесе арнайы жабдықталған алаңдарда ұйымдастырылады.

4.2. МКП жұмыс кестесі балабақша басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. МКП-де жеке және топтық (5–6 балаға дейін) консультациялар өткізіледі.

4.4. Кеңестер офлайн және қажет болған жағдайда онлайн форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

5. МКП мамандарының құрамы:

МКП қызметін төмендегі мамандар жүзеге асырады:

меңгеруші;

әдіскер;

тәрбиешілер;

педагог-психолог;

музыка жетекшісі;

медицина қызметкері;

6. МКП қызметінің негізгі бағыттары

МКП-де төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жүргізіледі:

балалардың физикалық дамуы;

сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамыту;

танымдық және зияткерлік дамуы;

шығармашылық қабілеттерін дамыту;

әлеуметтік-эмоционалдық даму;

баланы мектепке дайындау;

ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

7. Ата-аналармен жұмыс нысандары

жеке және топтық консультациялар;
бірлескен ойындар мен іс-шаралар;
әдістемелік жаднамалар, буклеттер тарату;
бейне және аудиоматериалдар ұсыну;
кері байланыс (сауалнама, пікір жинау).

8. Кері байланыс және қызмет нәтижелерін бағалау

8.1. МКП қызметінің сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс ұйымдастырылады.

8.2. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері талданып, қызметті жетілдіруде ескеріледі.

8.3. Кері байланыс электрондық пошта, сауалнама, әлеуметтік желілер және ұсыныстар жәшігі арқылы жүзеге асырылады.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

9.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар балабақша басшысының бұйрығымен енгізіледі.

9.3. Осы Ереже МКП қызметін ұйымдастырудың негізгі құжаты болып табылады.

«Бекітілген»
«Нұр»балалар бақшасы»
МКҚК-ы меңгерушісі:
Едилбаева А.А

**2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналарға арналған мобильді
консультациялық пункттің жылдық жоспары**

Негізі:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Балаларды ерте дамыту институты

«Ата-аналарға арналған мобильді консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу бойынша ұсынымдар»,

Астана, 2025 ж.

1. Жалпы мәлімет

МКП мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балаларды дамыту және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) консультациялық, әдістемелік, психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- бала дамуына қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру;
- отбасы жағдайында баланы тәрбиелеу мен дамытуға әдістемелік көмек беру;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы серіктестікті нығайту.

МКП жұмыс кезеңі:

2025–2026 оқу жылы (қыркүйек–тамыз, жаз айларында белсенді жұмыс)

2. МКП-тің жылдық іс-шаралар жоспары

I. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Ай	Іс-шара мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	МКП жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрық шығару	Меңгеруші
Қыркүйек	МКП жұмыс кестесін бекіту	Әдіскер
Қазан	Мамандардың қызмет бағыттарын нақтылау	Әкімшілік
Жыл бойы	Әдістемелік материалдарды жинақтау	Әдіскер
Мамыр	МКП жұмысына мониторинг жүргізу	Әдіскер, психолог

II. Ата-аналарға арналған консультациялық жұмыс

Ай	Тақырып	Форма	Мамандар
Тамыз-Қыркүйек	Мектеп жасына дейінгі балабақшамен қамтылмаған балалар туралы мәліметтер жинақтау	Мәлімет жинақтау	Әдіскер
Қыркүйек	«Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі»	Кеңес	Әдіскер
Қазан	«Ертегілердің бала тәрбиесіндегі рөлі»	Кеңес	Әдіскер
Қараша	«Бала денсаулығы өз қолымызда»	Кеңес	Медбике
Желтоқсан	«Балаларды әуен ырғақтарымен қимыл-қозғалысын дамыту»	ҮІӨ	Музыка жетекшісі
Қаңтар	Отбасындағы жағымды қарым-қатынас	Тренинг	Психолог
Ақпан	Ата-аналарға сауалнама	Сауалнама	Психолог
Наурыз	Ұлттық ойындар – даму көзі	Ашық ойын	Тәрбиеші
Сәуір	Баланың сөйлеуін дамыту	ҮІӨ	Психолог
Мамыр	Жаз мезгілінде баланы сауықтыру	Кеңес	Медбике

III. Балалармен жүргізілетін жұмыс

Бағыт	Іс-әрекет түрлері
Физикалық дамыту	Қимылды, ұлттық ойындар
Коммуникативтік дағды	Сюжетті-рөлдік, дидактикалық ойындар
Танымдық және зияткерлік	Бақылау, тәжірибе, зерттеу
Шығармашылық	Сурет салу, театрландырылған ойын
Әлеуметтік	Топтық ойын, бірлескен әрекет

IV. Ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеу

Ай	Іс-шара
Жыл бойы	Буклеттер, жаднамалар тарату
Жыл бойы	Видео, аудиоматериалдар ұсыну
Жыл бойы	Онлайн-консультациялар
Жыл бойы	Институт порталы материалдарын пайдалану

V. Кері байланыс және мониторинг

Іс-шара	Нәтиже
Ата-аналар сауалнамасы	Қызмет сапасын бағалау
Ұсыныстар жәшігі	Пікір жинау
Онлайн кері байланыс	Қызметті жетілдіру
Жылдық талдау	Қорытынды есеп

3. Күтілетін нәтиже

- ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артады;
- балалардың даму деңгейі жақсарады;
- отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланыс нығаяды;
- әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылар қамтылады.